

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1113

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ заң күші бар Жарлығының 12 және 14-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қостанай облысының Семиозер ауданындағы Приозерный кен орнындағы қоңыр көмір өндіру үшін "Приозерный разрезі" акционерлік қоғамына 1995 жылғы 7 маусымда жер қойнауын пайдалану құқығына берілген N 163 МГ сериялы лицензиясы негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын "Приозерный разрезі" Қазақстан-Ресей компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруге рұқсат е т і л с і н .

Көрсетілген лицензия "Приозерный разрезі" Қазақстан-Ресей

компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қайта ресімделсін.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі осы қаулыдан туындаған қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.